

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидасын және оларды құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 3-1-320қ Қаулысы. Астана қаласы Әділет департаментінде 2005 жылғы 3 маусымда N 390 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімшілігінің 2012 жылғы 20 наурыздағы № 158-304 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімшілігінің 2012.03.20 № 158-304 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидасы және оларды құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі **б е к і т і л с і н .**

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С. Мұстафинаға жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

*" А с т а н а қ а л а с ы н ы ң
Қ а р ж ы д е п а р т а м е н т і "*

мемлекеттік мекемесінің
директоры
Құжаттамалық сараптама
бөлімінің меңгерушісі

"Астана қаласының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау департаменті"
мемлекеттік мекемесінің
директоры

"Астана қаласының
Жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
департаменті"
мемлекеттік
мекемесінің директоры

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 3 мамырдағы
N 3 - 1 - 3 2 0 қ қаулысымен
бекітілді

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидасы және оларды құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Осы Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидасы және оларды құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, халықтың әлеуметтік-қауқарсыз санаттарын жұмыспен қамтуға көмек көрсету жөніндегі шараларды кеңейту мақсатында әзірленді.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

Ескерту. "Департамент", "Департаментке" деген сөздер барлық мәтін бойынша тиісті "Басқарма", "Басқармаға" деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1. Қағида халықтың нысаналы тобынан хабарласқан тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру оларды құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібін анықтайды, әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын немесе құратын ұйымдармен негізгі жағдайлар мен есеп айырысу жүйесін реттейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2. Осы Қағидада қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік жұмыс орны - "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінен (бұдан әрі - Басқарма) жолданған халықтың мақсатты топтары санынан тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін қалалық бюджет қаражатынан жұмысқа қабылданған қызметкерлерге еңбекақыға жұмыс берушілердің шығынын ішінара өтемақыларын төлеу арқылы ұсынылатын жұмыс орны;

2) халықтың нысаналы топтары - жыл сайын Астана қаласының әкімдігімен анықталатын жұмысқа тұруға қиыншылық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды талап ететін тұлғалардың топтары;

3) жұмыс беруші - меншік нысанына қарамастан Астана қаласының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын заңды не болмаса жеке тұлға.

3. Әлеуметтік жұмыс орны алты айдан артық емес мерзімге беріледі.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан тұлғаларға еңбек, зейнетақымен қамтамасыз ету және сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері пайдаланылады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және оларды құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

5. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыс берушілердің меншікті қаражаты есебінен құрылады. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған тұлғаларға еңбекақы төлеу жұмыс берушінің елу пайыздық қоса қаржыландыру шартымен, заңнамада тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі еңбекақы мөлшерінде ішінара қала бюджетінен жүзеге асырылады. Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері болып табылатын жұмыс берушілер үшін қоса қаржыландырудың жиырма пайыздық мөлшері белгіленеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз); өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2010.08.23 N 23-782-қ (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

5-1. "Алматы", "Есіл", "Сарыарқа" аудандарының әкімдері Басқарма-мен бірігіп әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

5-2. Халықтың нысаналы топтарынан адамдарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеуді Басқарма осы Ереженің 5-тармағымен қарастырылған және еңбек туралы заңнамалардың кәсіпорындарда сақталуы жағдайында қаржыландыру талаптарына сәйкес өтінім берген ұйымдардың санынан жүргізеді.

Ескерту. 5-1, 5-2-тармақтармен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)

Қ а у л ы с ы м е н .

6. Басқарма іріктеуден өткен жұмыс берушілермен талаптар, еңбекақы мөлшері және әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған тұлғалардың еңбекақы ішінара шығындарын өтеу тәртіптері ескертілген 1-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша қала бюджетінде "Жұмыспен қамту Бағдарламасы" бюджеттік бағдарламасы бойынша осы мақсаттарға көзделген қаражаттар шегінде шарттар ж а с а с а д ы .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7. Мүгедектер және зейнетақы жасына дейінгі тұлғалар әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға басымдылық құқығы бар.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері мен шарттары

8. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған тұлғалардың еңбекақысы ай сайын еңбек туралы заңнамаларға сәйкес жасалған еңбек шартының талаптарына сай жүзеге асырылады және орындалған жұмыс санынан, сапасынан және қиыншылығына байланысты болады.

Ескерту. 8-тармақта орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгермейді - Астана қаласы әкімдігінің 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

9. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2010.08.23 N 23-782-қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Қаулысымен.

10. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан тұлғалардың еңбекақысына жұмыс берушілердің шығындары қалалық бюджет қаражаттары есебінен кемінде тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі еңбекақы көлемінде ішінара өтеледі және

көрсетілген тұлғалардың жеке шотына аударылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз); 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

11. Жұмыс берушілер әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған тұлғалардың еңбекақысына ішінара төлеуге ай сайын Басқармаға 2-қосымшаға сәйкес, әлеуметтік жұмыс орындарына қатысқан тұлғалар туралы мағлұмат б е р е д і .

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

12. Орындалған жұмыс санына, сапасына және қиындығына байланысты жұмыс берушілер меншікті қаражаттар есебінен нақты орындаған жұмыстары үшін қосымша үстемақы белгілеуге құқылы.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бақылау

13. Басқарма әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды және қаржыландыруды бақылауды заңнамамен белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 3 мамырдағы
N 3-1-320қ қаулысымен
бекітілген

Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру және қаржыландыру
Қағидасына 1-қосымша

Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру жөніндегі N__ шарт

Ескерту. 1-қосымшадағы "Департамент", "Департаменттің", "Департаментке", "Департаментті" деген сөздер "Басқарма", "Басқарманың", "Басқармаға", "Басқарманы" деген тиісті сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Астана қаласы 200__ ж. "___" _____

"Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ бұдан әрі Басқарма деп аталады,
осы Қағиданың негізінде бір тараптан, және _____
(орындаушының толық атауы)

_____ (басшының аты-жөні)

бұдан әрі Жұмыс беруші, қолданыстағы _____
(жарғы, ереже)

негізінде келесі тараптан деп аталатын бірлескен Тараптар Астана қаласы әкімдігінің 200__ ж. "___"_____ N_____ қаулысымен бекітілген Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидасы және оларды құруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі (бұдан әрі - Қағида) басшылыққа алып, төмендегідей осы шартты жасасты:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1. Шарттың мәні

1.1. Басқарма жұмыссыздарды халықтың нысаналы топтар санынан жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға байланысты іс-шараларды жоспарлайды және жүзеге асырады.

1.2. Жұмыс беруші халықтың нысаналы топтары санынан жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құруды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2 . 1 . Б а с қ а р м а :

2.1.1. Жұмыссыздарды лайықты жұмыстарға әлеуметтік жұмыс орындарына ж і б е р е д і .

2.1.2. Кемінде тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі еңбекақы жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау шараларының бірі болып табылатын әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыссыздардың еңбекақысын қалалық бюджеттен төлеуге Қағидасының 5, 10-тармақтарына сәйкес Жұмыс берушінің шығынын жартылай өтейді. Басқарма шығындарды қаржыландыруды "Жұмыспен қамту бағдарламасы" бюджеттік бағдарламасының аясында жүзеге асырады.

Ескерту. 2.1.2-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз); 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)

Қ а у л ы л а р ы м е н .

2.1.3. Осы шарт бойынша міндеттемелердің тиісті орындалуы және қалалық бюджет қаражаттарын нысаналы жұмсау мақсатында Жұмыс берушіден әлеуметтік жұмыс орындарына жолданған тұлғалардың жұмысқа орналасу деректерін растауға қатысты ақпаратты сұрастыруға, не болмаса оның қызметіне кіріспей Жұмыс берушінің шарттық талаптарын орындау барысын тексеруге қ ұ қ ы л ы .

2.1.4. Осы шарттың орындалуы аясында әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан тұлғалар бойынша қажетті деректерді сұрастыруға құқылы.

2 . 2 . Ж ұ м ы с б е р у ш і :

2.2.1 Келесі әлеуметтік жұмыс орындарын құрады немесе ұсынады:

Мамандықтар бойынша әлеуметтік жұмыс орындары	Жұмыстардың орындалу мерзімі	С а н ы (адам)	Қалалық бюджеттен (теңге) шығындар сомасы		
			Бір жұмыскерге ай сайын	Айына барлығы	Барлық мерзімге
1	2	3	4	5	6
Жиынтығы:					

2.2.2. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа қабылданған тұлғалармен еңбек шарттарын жасайды және үш күн ішінде Басқармаға еңбек шартының, жеке куәліктің, әлеуметтік жеке кодтың (ӘЖК), салық төлеушінің тіркеу нөмірінің (СТТН), қабылданған тұлғаның жинақтаушы зейнетақы қорымен шартының кө ш і р м е л е р і н ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 2.2.2-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2.2.3. Қолданыстағы еңбек туралы заңнамасына сәйкес жұмыс уақытын ұйымдастырудың икемді нысанын қолданып, жұмыс уақытының ұзақтығын б е л г і л е й д і .

2.2.4. Жұмысқа қабылданғандардың әрқайсысымен техникалық қауіпсіздік бойынша н ұ с қ а м а л ы қ жүргізеді.

2.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметкерлерін қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз етеді.

2.2.6. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа қабылданған тұлғаларға қолданыстағы заңнамаларға сәйкес нақтылы орындалған жұмыстар үшін ай сайын еңбекақысын төлейді. Төлем Қағиданың 5, 10-тармақтарына сәйкес ж ү р г і з і л е д і .

Ескерту. 2.2.6-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз);

2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)
Қ а у л ы л а р ы м е н .

2.2.7. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2010.08.23 N 23-782-қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Қаулысымен.

2.2.8. Тұлғаға тұрақты жұмыс берілгендігі туралы үш күн ішінде Басқарманы хабардар етеді, Басқарманың сұраныстары бойынша толық көлемді ақпараттар б е р і п о т ы р а д ы .

2.2.9. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2.2.10. Қолданыстағы еңбек заңнамаларына сәйкес, әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін азаматтарға уақытша еңбекке қабілетсіздігі, зиянның орнын толтыру денсаулыққа келтірілген мертігулер немесе басқа зақымданулар бойынша әлеуметтік жәрдемақыларды төлейді.

2.2.11. Ай сайын, есептік кезеңнен кейінгі әр айдың бесіне дейін белгіленген үлгідегі әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін тұлғалар туралы м ә л і м е т т е р д і ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 2.2.11-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз); 2010.08.23 N 23-782-қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

2.2.12. Міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпараттарды ұсынады.

2.2.13. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2010.08.23 N 23-782-қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Қаулысымен.

2.2.14. Басқарманы заңды тұлғаның банктік шотының деректемелерінің өзгеруі, сондай-ақ басқа себептер бойынша банктік шоттарға тыйым салу (алып тастау) және жабу жағдайы туралы деректермен дереу хабардар етеді.

3. Есеп айырысу тәртібі

3.1. Басқарма төлемдерді осы шарт бойынша Қағидасына сәйкес Жұмыс берушінің есеп шотына немесе әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан тұлғалардың жеке есеп шотына, қаланың қаржылық органдарымен Басқармаға ақша бөлу өлшемі бойынша ақшалай қаражаттарды аудару жолымен ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту. 3.1-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қ а у л ы с ы м е н .

3.2. Жұмыс берушінің шығындарын өтеу ай сайын осы Шарттың 2.2.11-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 3.2-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1 Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес шарттық міндеттемелердің орындалуына жауапкершілік алады.

5. Дауларды қарау тәртібі

5.1. Осы шартты орындауда туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндіктер бойынша Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

5.2. Егер даулар келіссөздер жолымен реттелмеген болса, олар заңнамамен белгіленген тәртіпте шешіледі.

6. Шарттың әрекет ету мерзімі

6.1 Осы шарт Қазынашылық органдарында тіркелген уақыттан бастап Тараптар үшін міндетті болады және заңдық күшіне енеді.

6.2. Осы шарт үш данада жасалған, әрқайсысының бірдей заңдық күші бар.

7. Ерекше жағдайлар

7.1. Шарт оған толықтырулар және өзгерістер жазбаша түрде жасалып, уәкілетті тараптар өкілдері қол қойғанда және Қазынашылық аумақтық органда тіркелген жағдайда күшіне енеді.

7.2. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу орындары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 281-бабының талаптарына сәйкес анықталады. Жұмыс беруші үшін - оның мекен-жайы бойынша, Басқарма үшін - Жұмыс берушінің мекен-жайы бойынша осы шарттың орындалу аясында ақшалай қаражаттарды жеке шотына аудару жолымен.

Ескерту. 7.2-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.05.08 N 23-465қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7.3. Алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің 2010.08.23 N 23-782-қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Қаулысымен.

7.4. Міндеттемелердің бөліктері бойынша орындалуының жүзеге аспауына қатысты мәселелер, міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау мүмкіндігі және оларды біркелкі орындау талаптары қолданыстағы азаматтық заңдарға сәйкес реттеледі.

8. Тараптардың заңды мекен-жайы

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз); 2010.08.23 N 23-782 -қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

Басқарма	Жұмыс беруші
Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі	_____ (толық атауы)
Астана қаласы, Ш. Иманбаева көшесі, 16	_____ (мекен-жайы)
СТН _____	ЖИК _____
БИН _____	СТТН _____
ЖИК _____	БЖК _____
БИН _____	_____

_____ (басшының аты-жөні)

"__" _____ 200__ ж.

М.О.

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 3 мамырдағы
N 3-1-320қ қаулысымен
бекітілген
Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру және қаржыландыру
Қағидасына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Әлеуметтік жұмыс орындарына қатысқан тұлғалар туралы
МӘЛІМЕТ

					Жұмыстың аяқталу күні (Орындалған жұмыстар үшін
--	--	--	--	--	-------------------------	--------------------------

р/с №	Аты-жөні (толық)	Лауазымы, кәсібі	Жұмыстың басталу күні (еңбек шартының № және оны жасау күні)	Жұмыс істеген күндер саны	жұмыстан босатылу күні, себебі)	жұмыссыздарға барлығы есептелгені, теңге
1	2	3	4	5	6	7

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 3 мамырдағы
N 3-1-320қ қаулысымен
б е к і т і л г е н
Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру және қаржыландыру

Қағидасына 3-қосымша

2005 жылғы " __ " _____ Астана қаласының _____

Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін тұлғалар туралы МӘЛІМЕТ

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - Астана қаласы әкімдігінің
2010.03.11 № 23-199қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.